Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Сөйлеуді дамыту** **"Мамандықтар"** **Мақсаты:** Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту**.**	**Сауат ашу негіздері** **«Шайнекке шәй құйдым» сөздерін дыбыстық талдау** **Мақсаты:** сөздерді дыбыстық талдауды орындау қабілетін дамыту.Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу	**.Қазақ тілі** "Көңілді тапқырлар клубтары" Мақсаты: өткен тақырптар бойынша сөздері қайталау, білімдерін бекіту. **Сөздік минимум** Түлкі, тырна, тәрелке	**Сөйлеуді дамыту** **"8 наурыз. Анамыздың мамандығы"** **Мақсаты:** Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру..	**Математика негіздері** "Жиһаз фабрикасында. Заттарды бірнеше тең бөліктерге бөлу" Мақсаты: заттарды бірнеше тең бөліктерге бөлу қабілетін дамыту. **2.Көркем әдебиет**

	Қоршаған ортамен таныстыру "Қағаз жинаушы" Мақсаты: қағаздың әртүрлі түрлері туралы түсінікті кеңейту.Адам өмірі үшін судың, құмның, күн, ай сәулесінің, саздың, тастардың және т.б. маңызын түсіну. **Дене шынықтыру** **Баскетбол элементтері.** **Мақсаты:** Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыру. Допты оң және сол қолмен алып жүругежаттықтыру. **4.Музыка** **Тақырыбы: «Сиқырлы ағаш» ойыны** **Мақсаты:** Әуеннің дыбыс биіктігін ажыратып, естіген әуенді нота сызықтарына орналастыруға үйрету. **1. Балаларды музыкамен қарсы алу.** **Ойын:**Балалардың әрқайсысына алма ағашының суреті және қиып алынған жеті алма үлестіріледі. Орындалған шығарманы тыңдап, сиқырлы ағаш	**Көркем әдебиет** М. Әлімбаевтың "Барлық жұмыстар жақсы" өлеңі **Мақсаты:** шағын мәтіндердің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру қабілетін дамыту.сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу. **.Математика негіздері** **"Фигуралар елі. Заттарды бірнеше тең бөліктерге бөлу"** **Мақсаты:** заттарды бірнеше тең бөліктерге бөлу қабілетін дамыту **Құрастыру** **"Гүл вазасы"** **Мақсаты:** Табиғи (ағаш, мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері және т.б.) және қалдық заттардан құрастыруға баулу	**Сауат ашу негіздері** "Қоршаудағы аңдар" Мақсаты: Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну **Математика негіздері** "Заттарды бірнеше тең бөліктерге бөлу" Мақсаты: заттарды бірнеше тең бөліктерге бөлу қабілетін дамыту**.** **Дене шынықтыру** **Бадминтон.** Мақсаты: Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып лақтыру.	**Музыка** **Тақырыбы: «Соқыр теке»** **Мақсаты:**Үйренген ән, әуендерді есте сақтап, бекіту үшін қолданылады. Әртүрлі көңіл күйдегі әуендерді кіріспесінен немесе үзіндісінен табуға машықтандырады **1.Музыка залында балаларды көңілді музыкамен қарсы алу.** Балалар шеңбермен айналып жүріп, әннің 1 – ші шумағын айтады. 2 – шумақты «Соқыр теке» айтады. 2 – шумақ басталғанда балалар бекіткен қолдарын жоғары көтереді, ал сыртта тұрған балалар ішке еніп, «Соқыр текеге» ұстатпаймыз деп жан жаққа жүгіреді. «Соқыр теке» біреуді ұстап алуға тырысады. Егер ұстап алса әннің 2 – ші шумағын айтады, ойын қайталанғанда ұсталған бала «Соқыр теке» болады. Егер ұстай алмаса «Соқыр теке» өзі болады. Соқыр теке, бақ, бақ Біз айтамыз тақпақ. Мықты болсаң қанекей, Бірімізді тап, тап. **2. Ән айту. «Тұлпарым»** **Қоршаған ортамен таныстыру** "Таня қуыршақ киімдері" Мақсаты: матаның әртүрлі түрлерімен танысу. **Дене шынықтыру** «Футбол»	Н. Жаңаевтың «Мен гүл отырғыздым" өлеңі Мақсаты: шағын мәтіндердің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру қабілетін дамыту. **Сауат ашу негіздері** **"Үзік сызық ережелері"** **Мақсаты:** берілген сөзге сөйлем құрастыру. **Қазақ тілі** **"Көктем"** Мақсаты: Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. **Сөздік минимум** Көктем, жылы, қар еріді

	бұтақтарына алмаларды дыбыс биіктігіне сәйкес орналастырады. Ағашта бейнеленген бұтақтар нота сызықтары, ал алмалар нота ретінде қолданылады. **2. Музыка тыңдау.** Ал енді сендер ән тыңдаңдар. «Балапан» әні. Дауыстарын салған балаларды мадақтау. **«Шөжелер»** биін таныс би қимылдарымен билету.			**Мақсаты:**Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу. Допты заттарды айналдыра жүргізу. Допты қақпаға тебу. Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебу	
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтарын және спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу. Жүйелі киіну (ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдау дағдылары, үлкен және ұсақ мотериканы дамыту) Ол үшін жылы киінуіміз қажет, қимыл - қозғалыспен көрсетеді. Шалбардың бір балағын, Содан соң екінші балағы. Енді белді көтерелік әдемі. Күртенің оң қолы, Күртенің сол қолы. Түймеледік жоғарыдан - төменге. Ал енді бәтеңке кидік, жорыта жолға шықтық. Гу - гу, гу - гу деген дыбыс шығады, бұл ненің даусы. Балалар қазір біз кемеге отырып серуенге барамыз. (балалар көңілді кемеге отырады)				
Серуен	**Күннің күркіреуін, найзағайды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Жұмбақтар. Әуеден күбі түсті, Күбінің түбі түсті. (Күннің күркіреуі) Жөңкейді бұлттар	**Бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Жұмбақ. Күнді жабады, Жаңбыр болып жауады. (Бұлт) Бақылау. Табиғат құбылыстары жайында білімдерін	**Кемпірқосақты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Жұмбақ. Аспанда әсем белбеуді, Алып белге буынсам. (Кемпірқосақ) Бақылау. Балалармен кемпірқосақтың құбылысын бақылау.	**Өзенді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Жұмбақ. Еркелеп жатамын, қаңтарда қатамын. (Көл) Мақал-мәтел. Қалған көлге бақа басшы. Болжам. Егер жазда көлде су көтерілсе, онда бұл құрғақ ауа райына	**Балықтарды қадағалау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Көркем сөз. Ақ балық-ау, ақ балық! Қармағымды қап, балық! Жұмбақ. Аузы бар, тілі жоқ, Терісі бар, жүні жоқ. Тірегі бар, ізі жоқ, Қанаты жоқ ұшпайды

	дүркіреп, Жауады жауын күркіреп Аспанның жүзі жарқ етті, Ақ найза жерге сарт етті. (Найзағай) **Бақылау.** Найзағайдың жарқылдауын бақылау, найзағай - бұл бұлт пен жердің арасында, бұлт арасында пайда болатын үлкен электр шашуы. Күннің күркіреуі әрбір найзағайдан соң болып отырады, одан кейін қатты жауынға ұласады, табиғат жанданады, ауа тазарады, ал өсімдіктер тазаланады және жарқырайды. Қауіптен құтылу үшін, күннің күркіреуі кезінде балаларға өздерін қалай ұстау керек екенін түсіндіру керек. **Қимылды ойын: «Бір аяқпен секіру эстафетасы»(тәжік халқының ойыны). (дене шынықтыру)** Сап түзеп, екі топқа бөліну. Бір-біріне эстафетаны тапсыра отырып, бір аяқпен секіріп, қуып жетуге үйрету. Сыпайылықпен, тартысты әділ шешуге	кеңейту, бұлттарды салыстыру. Бұлттар формалары бойынша әртүрлі, өзгермелі. Жеңіл, түссіз бұлттардың уақыт ара үлкейіп немесе кішірейіп тұратынын айту. Балаларды жаңбырлы күнгі бұлт пен басқа кездегі бұлтты айыруға үйрету. **Қимылды ойын. «Құстар мен мысық». (дене шынықтыру)** Санамақ арқылы мысықты таңдап алу, белгі немесе дабыл арқылы қимылдау. Өз бетінше тапсырманы орындауға үйрету, шапшаңдық пен белсенділігін арттыру. **Еңбек.** Бақшадағы жұмыс. **(еңбек дағдылары)** Өсімдіктерді қопсыту. Өсімдіктерді күтуге баланың қатысуын қадағалау. Өзіндік жұмысқа тәрбиелеу, бастаған істі аяғына дейін жеткізу, өсімдіктерге деген махаббат пен белсенділікті арттыру. **Өз бетімен ойындар.** Велосипед тебу. **(дене шынықтыру)** Велосипед тебуді үйрету, тепе-теңдік сақтау. Балаларға белгілі бір іс-әрекетті ұйымдастыруға көмектесу, сол іс-әрекеттен жағымды әсер алуға көмектесу.	Оның қай кезде пайда болатынын айту, қарау және олардың түстерін айту. Табиғат құбылыстарының сұлулығына сүйіспеншілікпен қарау. **Қимылды ойын: «Түрлі-түсті автомобильдер». (дене шынықтыру)** Түстерді білу, білімін түйіндеу, балаларды дыбысқа сай қозғалуға үйрету. Балаларды жолдастарымен достық қарым-қатынаста болуға тәрбиелеу. **Еңбек.** Табиғат бұрышындағы жұмыс. **(еңбек дағдылары)** Балаларды бөлме гүлдерін күтуге үйрету: жапырақтарын сүрту, су бүрку. **Өз бетімен ойындар.** Асфальтқа бормен сурет салу. Асфальтта сурет салуға балалардың көңілдерін аудару, өзінің ойыншықтарымен ойнауға, бір-бірімен тіл табысу дағдыларын арттыру.	әкеледі. Егер көлдегі балық секіріп маса ауласа, жаңбыр жауады. **Бақылау.** Су айдынының өмірін бақылауға үйрету (бақалар қатты бақылдайды, суда кішкентай балықтар көрінеді, судың бетінде суөлшеуіш қозғалады, өсімдік пайда болады, құстар жүзеді, қанаттарын тазалайды, дәндерді береді); су айдынының әсемдігін тамашалауға болады (су көп, күннің көзіне су жарқырайды, өзеннің айналасында шөптер, гүлдер өседі, олар өзенді жарқыратады, ағаш бұтақтары өзенге иіліп, оның бейнесі түседі). Жаздың басында су таза, көгілдір, өсімдік көп болатынына назар аудару керек, ал жаздың аяғында бұлдыр, өсімдік аз. Көгілдір суда құм, тас, өсімдік және шағын балықтар көрінеді. Су айдынына ілтипатпен қарауға тәрбиелеу. **Қимылды ойын. «Қарғып секір және бұрыл». (дене шынықтыру)** Орнынан жоғары секіруге үйрету. «Хоп!» белгісі бойынша кеңістікке бейімделу. **Еңбек.** Балаларды ең үнемді жұмыстарға үйрету. Еңбек қызметінің мәдениетіне тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)** **Өз бетімен ойындар.** Жаппаның астында ауа-райының жағдайын ескере отырып, іс-әрекет және ойын	Су астында қыстайды. (Балық) **Бақылау.** Судың астындағы балықтардың өмірі туралы мәлімет беру (ұстаған балықтың қабықты, жіңішке денесін «талқылап», жүзу қанаттары және құйрығы туралы, олардың төмен, жоғары және бағыттарын жиі ауыстыратыны жөнінде айту. Кішкентай балықтар – уылдырықтардан шыққан балықтар. Оларды дұрыс тамақтандыруға үйрету, өзенге, табиғатты аялауға тәрбиелеу, көпірде тұрған кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау. **Қимылды ойын. «Көпірдегі лақтар». (дене шынықтыру)** Өз бетінше ойынды ойнату, физикалық сапасын, шапшаңдығын,ептілігін дамыту. **Еңбек.** Табиғат бұрышындағы жұмыс. **(еңбек дағдылары)** Балықтарды тамақтандыру. Аквариумға су құю. Балықтарды тамақтандыру әдісін бекіту, балықтарды байқау. Тапсырмаларға жауапты болуға тәрбиелеу. **Өз бетімен ойындар.** Балаларды құрастыру ойынына қажетті заттарды жинастыруға, ойында табиғи заттарды қолдануға үйрету.

	тәрбиелеу. **Еңбек.** Тотықұс үшін бақажапырақ тұқымын жинау. **(еңбек дағдылары)** Тотықұсты тамақтандыру үшін тұқымды өз бетінше жинауға тәрбиелеу. Табиғат бұрышында мекендеушілерге жақсы қарым-қатынаста тәрбиелеу. **Өз бетімен ойындар.** Әр балаға оларды қызықтыратын ісімен айналысуға мүмкіндік беру.			үшін жағдай жасау. Жағымды әдет ғұрпын қалыптастыру.	
Серуеннен оралу	**Балалардың реттілікпен шешінуі, жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Түскі ас	**Гигиеналық шаралар:**Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану: «Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу» **Кезекшілердің жұмысы**: (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Ереже: Тамақ ішер кезде енді, Сөйлемейміз күлмейміз. Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз. *(сөйлеуді дамыту-қарым-қатынас іс-әрекеті)* Ас ішіп болғаннан соң бата айтуға қалыптастыру. Асқа байлық, Денге саулық болсын, Әумин! Рақмет апайлар! *(мәдени дағдылар)*				
Күндізгі ұйқы	**Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.** **Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).** **Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдау.** Ұйықтайтын уақыт келді, Ойыншықтарды жинаңдар.				

	Жалқау болмау керек, Ұйықтар алдында сумен жуын. Шешінуді ұмытпаймыз, Пижаманы киеміз.. Ақырын, асықпаңыз! Киімдерді бір-біріне бүктеңіз. Төсекке тез жатуың керек, Және өте жақсы болады. Барлығына: «Қайырлы күн!» Көзімізді жұмамыз. Ертегіні тыңдаймз, Бірақ көздер жыпылықтамайды. Ал ол жақсы ұйықтайды! (көркем әрекет-қарым-қатынас іс-әрекеті)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	**Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі).** **«Орман оқиғалары»** 1. «Апандағы аю» - Б.қ.: Арқаларымен жатып,қолдарын дене бойында ұстау. Екі жаққа домалау. 2. «Сұр қояндар» - Б. қ.: арқаларында жатып, шапшаңдап, кезекпен аяқтарын көтереді. 3. «Қорқақ қояндар» - Б. қ.: отырып, аяқтарын түзу қою, қолдарын төмен түсіру. Тізе бүгіп, қолдарымен құшақтайды – «тығылдық»; сол қалыпқа келу. 4. «Таңырқаушы қарғалар» - С. қ.: тізе бүгіп отырады. Тізеге тұрып, қолдарын жайып, былғау, «қар-қар» деп айту. 5. «Бұтақтағы тиіндер» - С. қ.: кереуеттің жанында тұрып, қолды белге қояды. Секіріп бұрылыстар орындайды. 6. «Мейірбанды бұғылар» - С. қ.: кереуеттің жанында тұру . Тізені жоғары көтеріп, бір орында жүреді. **Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балаларды шаштарын тарауға үйрету (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотористерді дамыту).** **Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету** Шомылған баланы, Аймалап алады. Сүртеді қолыңды, Сүртеді жоныңды.***(мәдени-гигиеналық дағдылар).***				
Бесін ас	**Гигеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар). Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу** Мен жақсы тамақтандым, Сергекпін, күштімін. Көңіл күйім көтеріңкі, Өзімдіжақсы сезінемін***(сөйлеуді дамыту - қарым-қатынас іс-әрекеті).***				
Балалармен жеке жұмыс	**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Сарғыш марғау – қонақжай " тақпағы бойынша әңгіме құру. Мақсат-міндеттер: балалардың "Сарғыш	**Математика негіздерінен ойын-жаттығу** "Алан мен Дананың мерекеге дайындалуы. Геометриялық пішіндер." Мақсат-міндеттер: балалардың дөңгелек, шаршы, сопақша,	**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Әке мен бала". Мақсат-міндеттер: балаларды "Әке мен бала" әңгімесінің мазмұнымен таныстыра отырып,	**Сурет салудан ойын-жаттығу** "Біздің көше". Мақсат-міндеттер: балаларды түрлі түсті фломастерлер арқылы бірнеше қабатты түрлі үйлерді салу	**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Ұлттар достығы". Мақсат-міндеттер: балаларға елімізде өмір сүріп жатқан әртүрлі ұлт өкілдері туралы түсінік беру; әртүрлі ұлт өкілдерінің мәдениеті туралы білімдерін

	Марғау - қонақжай" тақпағымен таныстыру; адамның, "қожайын", "үй иесі", "қонақ" сөздерінің мағынасын түсіндіру. **Қимылды ойындар. Марғаулар мен күшіктер** Ойынға қатысатын балалар екі топқа бөлінеді. Бір топтағы балалар марғаулардың, екінші топтағылар – күшіктердің рөлін орындайды. Марғаулар гимнастикалық қабырғаның қасында тұрады; күшіктер залдың екінші жағында (орындықтың артындағы үйшікте, бүйірімен қойылған баспалдақтың артында). Педагог марғауларды ақырын жүгіруге шақырады. «Күшіктер!» деген кезде – екінші топтағы балалар орындықтан өрмелеп өтеді. Марғаулардың соңынан төрт аяқтап қуады, үреді. Марғаулар мияулап, гимнастикалық қабырғаға өрмелеп шығады. Күшіктер үйшігіне қайтып оралады. Екі-үш рет ойнағаннан кейін орындарымен алмасады. Ойын қайта жалғасады. **(дене шынықтыру) Әмірхан, Нурислам, Нұрали, Мейыржан**	тіктөртбұрыш пішіндері туралы білімдерін жетілдіру. **«Сыпайы өтініш»** Ойынның мақсаты: балаларды мейірімділікке, зейінділікке тәрбиелеу. Балалар шеңберге тұрады. Педагог түрлі бұйрықтар береді, мысалы, қолды жоғары көтер, қолыңды шапалақта, көзіңді жұм және т.б., бірақ «мархабат» сөзі айтылған өтініштерді ғана орындау керек. Әмірхан, Нурислам, Нұрали, Мейыржан	әңгіме желісін зейін қойып, бар ықыластарымен тыңдай білуге үйрету. **Ритмикалық жаттығу** Біздер тату баламыз, (қолдарынан ұстайды) Гүлдей жайнап жанамыз. (екі қолын жоғары көтеріп гүлдің бейнесін жасайды) Жаттығулар жасасақ, Жақсы сергіп қаламыз. Орнымыздан тұрамыз, (орындарынан тұрады) Қолды белге қоямыз, (қолдарын белге қояды) Бұрыламыз оңға бір, (оңға бір рет бұрылады) Бұрыламыз солға бір. (солға бір рет бұрылады) Бір, екі, үш, төрт. (санайды) Жоғары қолды созамыз (қолдарын жоғары созады) Аяқ ұшында тұрамыз. (аяқ ұшында тұрады). **(қарым-қатынас іс-әрекеті, дене шынықтыру) Әмірхан, Нурислам, Нұрали, Мейыржан**	амалдарына үйрету; суретті тіктөртбұрышты салудан бастап, сұлбасы бойын айқасқан сызықтармен безендіріп, сызықтардың айқасқан орнында пайда болған шақпақтар ішін шахмат тәртібінде бояу техникасына үйрету. **Ұлттық ойын. Теңге ілу** Ойынға қатысушылар тепе-тең екі топқа бөлінеді. Әр қайсысы жеке- жеке шыбықтан ат мінеді. Ойын кезгі басталатын жерге сызық сызылады. Одан әрі 20- 30 метрдей жерден тереңдігі бір қарыстай екі шұңқыр қазылады. Шұңқырға он-оннан теңге салынады. Содан соң екі топтан екі сайыскер шығады. Сызыққа келіп қатарласып тұрады. Бастаушының белгісі бойынша шыбық аттарын құйғытып, шаба жөнеледі. Сол беттерімен әлгі шұңқырға жетіп қол соғып жібереді де, теңгені іліп алып, әрі қарай шауып кете барады, шұңқыр тұсында бөгелуге болмайды. Ұпай әр сайыскердің іліп алған теңгелерінің санына қарай есептеледі. Қай топ көп ұпай жинаса, сол топ жеңеді. Әмірхан, Нурислам, Нұрали, Мейыржан	кеңейту. **Қимылды ойын. Кетті, кетті орамал!** Ойынға қатысатын балалар шеңбер құрап отырады және бір-біріне иығын тірейді. Тізелерін аздап бүгеді. Жүргізуші шеңбердің сыртында қалады. «Кетті, кетті орамал!» деген сөздерді қайталап, орамалды тізенің астынан береді. Жүргізуші орамалдың кімнің қолында екенін айтуы тиіс. Егер жүргізуші орамалдың кімнің қолында екенін тапса, сол ойыншымен орын алмасады. **(дене шынықтыру) Әмірхан, Нурислам, Нұрали, Мейыржан**

Серуенге дайындық	**Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту) тақырыбына жеке әңгімелер өткізу.**				
Серуен	Күннің екінші жартысындағы ауа-райы құбылыстары мен табиғат обьектілерін бақылау **(қоршаған ортамен таныстыру, бақылау зерттеу іс-әрекеті)** **Аз қимылды ойын «Құстар мен мысық»** **Мақсаты**: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру.Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу. **(дене шынықтыру-дене белсенділігі)**	Күннің екінші жартысындағы ауа-райы құбылыстары мен табиғат обьектілерін бақылау **(қоршаған ортамен таныстыру, бақылау зерттеу іс-әрекеті)** **Аз қимылды ойын «Құстардың ұшып келуі»** **Мақсаты:** Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру.Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. **(дене шынықтыру-дене белсенділіг)**	Күннің екінші жартысындағы ауа-райы құбылыстары мен табиғат обьектілерін бақылау **(қоршаған ортамен таныстыру, бақылау зерттеу іс-әрекеті)** **Аз қимылды ойын «Көжектер»** **Мақсаты**: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру.Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу. **(дене шынықтыру-дене белсенділігі)**	Күннің екінші жартысындағы ауа-райы құбылыстары мен табиғат обьектілерін бақылау **(қоршаған ортамен таныстыру, бақылау зерттеу іс-әрекеті)** **Аз қимылды ойын «Қасқырлар мен лақтар»** **Мақсаты:** Балаларды жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу. **(дене шынықтыру-дене белсенділігі)**	Күннің екінші жартысындағы ауа-райы құбылыстары мен табиғат обьектілерін бақылау **(қоршаған ортамен таныстыру, бақылау зерттеу іс-әрекеті)** **Аз қимылды ойын «Құстардың ұшып келуі»** **Мақсаты:** Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. **(дене шынықтыру-дене белсенділігін)**
Серуеннен оралу	**Балалардың киімін ретімен шешу, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, дербес және ойын әрекеті**				
Ата-аналарға кеңес, балалардың үйіне қайтуы	Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу. Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу. Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы. Сәтті демалыс күндерін тілеп,балаларды шығарып салу.				
	Кеңес:«Баланы мектепке жан-жақты дайындау — өте жауапты әрі маңызды іс»	**Ата-аналармен әңгіме:** «Алғыс айту - борышымыз» видеоролигін түсіру	**Медбике кеңесі:** «Тұмаудың алдын алайық»	**Психолог кеңесі:** «Егер бала тістеп алса не істеу керек?»	Кеңес. «Балаға жағымсыз эмоцияларды жеңуге қалай көмектесуге болады?»

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
2023-2024 оқу жылы

Білім беру ұйымы: ЖШС «Нұрлан - К.А.» «Күншуақ» балабақшасы
Топ: "Айналайын» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: 29.04-03.05.2024жыл

Күн тәртібінің	Дүйсенбі 29.04.2024.	Сейсенбі 30.04.2024.	Сәрсенбі 01.05.2024.	Бейсенбі 02.05.2024.	Жұма 03.05.2024
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу (сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекет).				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі және көшедегі күн тәртібі туралы әңгімелесу, баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша кеңес бер				
	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз..	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру		**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	**Ата –аналармен әңгіме**: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, эксперимент, кітаптар қарау және өзіне-өзі қызмет ету, тағы басқа іс-әрекеттер)	**"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку".** Мақсат-міндеттер. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; балалардың ұғымында жапырақтардың ылғалды қажет етуі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Өсімдіктерді суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру. **(еңбек іс-әрекеті)**	**"Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау".** Мақсат-міндеттер. Өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау, балаларға сыртқы түріне, құрылымына назар аудара отырып, өсімдіктен шаңды кетіру әдісін таңдауға үйрету. **(еңбек іс-әрекеті)**		**"Асхана бойынша кезекшілік".** Мақсат-міндеттер. Балаларды кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауға үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдықтауда тәртіпсіздікті көре білу. Ортақ игілік үшін, ниеттеніп еңбектенуге тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)**	**"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп".** (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттер. Балаларды жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяққиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбеккорлыққа, тәртіпті көре білуге, ұжымда тату-тәтті еңбек етуге үйрету. **(еңбек іс-әрекеті)**
Таңертенгі жаттығу	**ТАҢҒЫ ГИМНАСТИКА КЕШЕНІ**				

	Жалпы дамыту жаттығулары (таяқшалармен) 1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша төменде. 1 - таяқшаны екі қолдарымен көкірек тұсына қояды; 2 - таяқшаны жоғары көтереді; 3 - көкірек тұсына қояды ; 4 - бастапқы қалып (жаттығу 6-7 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде. 1 - таяқшаны жоғары көтереді; 2 - таяқшаны түзу ұстап, оң аяққа иілу; 3 - таяқшаны жоғары көтереді; 4 - бастапқы қалып (жаттығу 6-7 рет қайталанады). Осы жаттығуды сол жаққа қайталау. 3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқшаны иыққа қою. 1 - отырып, бас пен арқаны тік ұстау; 2 - бастапқы қалып (жаттығу 6-7 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша төменде. 1 - таяқшаны жоғары көтеру; 2 - таяқша ұстаған қолымен оңға (солға) иілу; 3 - таяқшаны жоғары ұстап, тіктелу; 4 - бастапқы қалып (жаттығу 6-8 рет қайталанады). 5. Бастапқы қалып: жерге ептетінен жатып, таяқшаны бүгілген қолдарымен алдына қою. 1 - 2 - таяқшаны жоғары көтеріп, артқа бүгілу; 3 - 4 - бастапқы қалып (жаттығу 5-6 рет қайталанады). 6. Бастапқы қалып: таяқшаның алдында тұрып, қолды төменде ұстау. Таяқшаны айналып, оңға-солға секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау. 7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша жерде. Таяқшаны аттап, оңға-солға секіру. Жаттығу 3-4 рет қайталанады. **(дене шынықтыру)**				
Таңғы ас	**Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. Мөлдіреген сылдыр су Сылдыр суға қолыңды жу. **Кезекшілер жұмысы** ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қоюды тапсыру. **Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу,	**Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. Шомылған баланы, Аймалап алады. Сүртеді қолыңды, Сүртеді жоныңды **Кезекшілер жұмысы:** ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қоюды тапсыру. **Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту		**Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. Тазалық – денсаулық кепілі Тазалық барлық жерде қажет: Үйде, мектепте, жұмыста, Құрлықта да, суда да. **Кезекшілер жұмысы:**ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қоюды тапсыру. **Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)	**Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. Тазалық – денсаулық кепілі Тазалық барлық жерде қажет: Үйде, мектепте, жұмыста, Құрлықта да, суда да. **Кезекшілер жұмысы:** ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қоюды тапсыру. **Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)

	тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту) Ұйымдастырылған іс әрекет тақырыбына сай жұмбақтар жасыру. Жаттаған тақпақты есіне түсіріп, қайталап айту.				
	Шаттық шеңбері Балалардың ұйымдастырылған іс-әрекетін көтеріңкі көңіл күйде, мотивациялық дайындықпен бастау дағдыларын қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Қуанамын мен де Қуанасың сен де, Қуанайық достарым! Арайлап атқан күнге! **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**	**Шаттық шеңбері** Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Армысың, асыл күн, Армысың, асыл жыр. Армысың, көк аспан, Армысың, достарым, Жылуыңа жылу қос, Міне менің қолым! **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**		**Шаттық шеңбері** Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Біз балдырған баламыз, Дос құшағын кең ашқан. Тілегіміз бейбіт күн. Ашық болсын кең аспан. Орнымыздан тұрамыз Күнге шаттана қараймыз. Қуана қолымызды соғамыз, Осылай күнге жылу шашамыз. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**	**Шаттық шеңбері** Балалардың ұйымдастырылған іс-әрекетін көтеріңкі көңіл күйде, мотивациялық дайындықпен бастау дағдыларын қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Бақыт толы шеңберге, Шаттық толы шеңберге, Қол ұстасып келдік біз, Жан достармыз енді біз. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру (Спорт нұсқаушысының жоспары бойынша) Сөйлеуді дамыту Сауат ашу негіздері математика негіздері **«Үзік сызықтарды бастырып салу»** **Мақсаты:** Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу.	Көркем әдебиет Қоршаған ортамен таныстыру Жапсыру **«Көрсу күніне арналған көрініс сахналау»** **Мақсаты:**Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін		Музыка **Тақырыбы: «Үлкен – кішкентай»** **Мақсаты:** Балаларды ұзақ қысқа дыбыстарды білуге үйрету. Музыканың ритмін сезінуге баулу. **1. Балалар музыка залына қолдарына жалауша алып көңілді маршпен кіреді.** Музыкалық жетекші балаларға әуенді тыңдатқызып, жолда кімнің келе жатқанын тыңдатқызып сол адамның жүрісін қолдарымен шапалақ ұру арқылы көрсетуді ұсынады.	Сауат ашу негіздер Математика негіздері Сурет салу **«Көктемнің алғашқы гүлін анамызға сыйлайық»** **Мақсаты:**Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану. *(сауат ашу негіздері-коммуникативтік қызмет)* **«Кеңістікті бағдарлау»** **Мақсаты:**Сөйлеуде белгілі бір

	(сөйлеуді дамыту-коммуникативтік қызмет). **«Мың алғыс айтамыз! Көктемнің алғашқы күні туралы әңгіме жүргізу»** **Мақсаты:**Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру. *(сауат ашу негіздері коммуникативтік қызмет).* **«Бағдаршамды орналастыр»** **Мақсаты:**Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту. *(математика негіздері-танымдық қызмет)*	бағалау. *(көркем әдебиет-коммуникативтік қызмет)* **«Көктем мезгілі туралы әңгіме»** **Мақсаты:** Туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейту, «орман», «шалғын» және «бақша» ұғымдарымен таныстыру. **(***қоршаған ортамен таныстыру әлеуметтік қызмет)* **«Құстарға арналған ұя»** **Мақсаты**:Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру. Өзінің құрастырған құрылысын талдау арқылы тиімді конструктивті шешімдерді табу, оларды құрастыруда қолдану. Дербестікті, шығармашылықты, бастаманы қолдау(*жапсыру,сурет салу,мүсіндеу,құрастырушығармашылық қызмет)* **«Көктем»Мақсаты:**.Көктемге байланысты сөздерді қазақша айтуға үйрету. Жыл мезгілінің ерекшеліктерін қазақша айта алу. Көктем келді, құс келді. *(қазақ тілі коммуникативтік қызмет)*		Үлкен адамның жүрісі – ұзақ шапалақ. Баланың жүрісі – қысқа шапалақ. **2. Музыка тыңдау**«Тұлпарым». **3. Ән айту**«Қуыр-қуыр-қуырмаш» Әннің мәтінін үйрету. **4. Музыкалық-ырғақты қимыл:** **Лентамен жаттығу.** 1.Қолды екі жаққа жайып жоғары көтеру, қайта түсіру. 2.Қолды жоғары көтеріп денені оңға , солға иілту. Көркем әдебиет Қоршаған ортамен таныстыру Құрастыру **«Алғыс айту»** Мақсаты:Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау. *Көркем әдебиет коммуникативтік қызмет)* **«Көктемдегі алғашқы өсімдік»** **Мақсаты:**Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды	заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту. *(математика негіздері-танымдық қызмет)* **«Ұлттық киімдер»** **Мақсаты:** Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін (тақия, сәукеле, кимешек және т.б.) және ыдыстарын құрастыру, оларды жіппен, оюөрнектермен және т.б. безендіру. *(сурет салу,мүсіндеу.жапсыру,құрастыру шығармашылық қызмет)*

				ажырату: өсімдік жапырақтары, сабақтарының қозғалуы, гүлдердің күн шыққанда жапырақтарының ашылуы және кешке жабылуы, тамырдың суды сорып, сабағы арқылы су өткізіп, басқа бөліктерін қоректендіруі, өсімдіктердің өсуі үшін ылғалдың, жарықтың, жылу мен тыңайтқыштың қажеттігі олардың жылуды, суықты, күнді немесе бұлтты ауа-райын сезуі, олардың өсуі және көбеюі.(*қоршаған ортамен таныстыру әлеуметтік қызмет)* **«Бәйшешек»** **Мақсаты:** Суретті қарапайым қаламның көмегімен жеңіл ырғақпен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салу, бірнеше заттардың өлшеміндегі айырмашылықтарды беру, геометриялық пішіндегі заттарды салу. (*құрастыру ,мүсіндеу,сурет салу.шығармашылық қызмет)* **«Көктемдегі алғашқы ұшып келетін құс»** **Мақсаты:** Құстардың қазақша атауларымен таныстыру.Құстарды танып дұрыс атау. Кейбір жыл құстары туралы қысқаша мәлімет беру.	

				(қазақ тілі коммуникативтік қызмет) Дене шынықтыру (Спорт нұсқаушысының жоспары бойынша)	
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтарын және спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу. Жүйелі киіну (ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдау дағдылары, үлкен және ұсақ мотериканы дамыту) - Сауат ашу негіздері - Сөйлеуді дамыту - Көркем әдебиет - Дене шынықтыру - Қоршаған ортамен таныстыру				
Серуен	**Бақбақты бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** Мақсат-міндеттер. Бақбақ туралы білімдерін толықтыру; табиғатты белсенді түрде қорғауға ұмтылуды қалыптастыру; балаларға табиғаттағы барлық өсімдіктердің маңызы барын түсіндіру. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (учаскені қоқыстан тазарту.) **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Бірлесіп жұмыс істеуге, мақсатқа күш-жігерін жұмсап жетуді үйрету. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Желден жылдам", "Кім жоғары?"(дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Жүгіру	**Велосипедті бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** Мақсат-міндеттер. Велосипед жайлы білімдерін кеңейту. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (аумақты бұтақтар мен тастардан тазарту). **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Еңбекқорлық пен ұжымдық жұмыс дағдыларын дамыту. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жапалақтар". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Педагогтің белгісі бойынша әрекеттерді жылдам орындауға үйрету; белгілі бір бағытта жүгіру қабілеттерін дамыту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Келесі кім?" ойын жаттығуы. **(дене**		**Бақша ауласындағы өсімдіктерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** Мақсат-міндеттер. Балаларды көлеңкеде және күн астында өсетін өсімдіктерді салыстыруға шақыру,олардың қайсысы тезірек гүлдейтінін бақылау, өсімдіктердің өсуіне жарықтың қажеттілігі туралы тұжырым жасауға жетелеу. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (ауланы тазалау). **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Ұжыммен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Алыптар мен құртақандар". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Физикалық белсенділікті дамыту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды**	**Құмырсқаларды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** Мақсат-міндеттер. Құмырсқалар туралы білімдерін бекіту; зерттеуге деген қызығушылықты арттыру. **Зерттеу.** Бір жолды құммен жауып, құмырсқалар не істейтінін көру; екіншісін қантпен жауып, құмырсқалар оны қалай жинайтынын көру. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** аумақты ескі жапырақтардан тазарту. **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер. Жұптасып жұмыс жасауды үйретуді жалғастыру. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ұсталып қалу". (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Жүгіру, секіру дағдыларын бекіту.

	жылдамдығын дамыту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Секірейік". **(дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Ұзындыққа секіру дағдыларын дамыту.	**шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Балаларға допты қашықтыққа лақтыру дағдыларын жетілдіру.		**дамыту:** "Жылан". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Ептілікті, үйлесімді әрекет ету қабілетін дамыту.	**Өзіндік еркін ойын әрекеттері:** "Секірейік". **(дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер. Сол және оң аяққа секіру қабілетін дамыту.
Серуеннен оралу	**Балалардың реттілікпен шешінуі, жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Түскі ас	**Гигиеналық шаралар:**Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану: Мөлдіреген сылдыр су Сылдыр суға қолыңды жу. **Кезекшілердің жұмысы**: (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Ереже: Ас ішерде бір бірімізге жылы сөз айтып,арқаны дұрыс ұстап тамақтану кезінде сөйлемейміз. *(сөйлеуді дамыту коммуникативтік қызмет)* Ас ішіп болғаннан соң бата айтуға қалыптастыру ***Бата беру*** Сұрасаң бата берейін Үстем болсын мерейің Ықыласпен қол жайсаң Көп тілекті төгейін Дастарханың мол болсын Уайым қайғың жоқ болсын Сұрағаның алдыңнан Іздемейақ көп болсын Әумин **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Күндізгі ұйқы	**Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.** **Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).** **Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдау.картатека №2 «Гул» ертегісін оқып беру (Көркем әдебиет коммуникативтік дағдылар)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	**Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі). Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балаларды шаштарын тарауға үйрету (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету**				

	Шомылған баланы, Аймалап алады. Сүртеді қолыңды, Сүртеді жоныңды.***(мәдени-гигиеналық дағдылар).***				
Бесін ас	**Гигеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар). Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу** Мен жақсы тамақтандым, Сергекпін, күштімін. Көңіл күйім көтеріңкі, Өзімдіжақсы сезінемін***(сөйлеуді дамыту).***				
Балалардың дербес іс-әрекеті	**Сюжетті-рөлдік ойын. "Зообақ".** Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігіндегі зообақ, қорғауға алынған жануарлар туралы ұғымдарын бекіту; зообақта қызмет атқаратын ветеринар дәрігері, орнитолог (құс маманы), зоолог (жануарлар маманы), герпетолог (қосмекенділер маманы), күтуші жөніндегі ұғымдарын нығайту; мамандардың зообақта атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; еңбекқорлыққа, жан-жануарларға деген аяушылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. Құралдар. Зообақ қызметкерлеріне қажет заттар мен құралдар; алғашқы медициналық көмек қобдишасы; ойыншық жануарлар және құстар; ойыншықтарға тор пішіндері. Шарты. Педагог ойыннан бұрын балалармен бірлесіп, зообақ жайында суреттерді	**Ритмикалық жаттығу** Бір екі, бір екі, аяқты аламыз. (адымдайды) Адыммен біркелкі, сап түзер баламыз. (сап түзейді) Біз жауынгер баламыз. (қолдарын басының тұсына қояды) Бір екі, бір екі, жігерлі ән саламыз. (адымдайды) Тізіліп біркелкі, ертең өсіп жеткенде (қолдарын басының тұсына қояды) Ел қорғайтын боламыз. (қолдарын басының тұсына қойып, адымдайды) **(қарым-қатынас іс-әрекеті, дене шынықтыру)**		**Сюжетті-рөлдік ойын. "Цирк".** Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігінде циркте қызмет ететін өнерпаздар (сайқымазақ, гимнаст, сиқыршы, жонглер, жануарларды жаттықтырушы) жөнінде ұғымдарды қалыптастыру; цирк өнерпаздарының жұмысын түсіндіру; еңбекқорлыққа, төзімділікке, сыпайылыққа, салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Құралдар. Циркте қызмет ететін артистерге қажет ойыншық құралдар, модельдер (доптар, ойыншық жануарлар, бас киімдер, таяқшалар, спорттық киім үлгілері, гимнастикалық ұршық, костюмдер). Шарты. Педагог алдымен балалармен бірлесіп цирктің (суреті) қандай орын екенін, бұнда қандай өнерпаздар жұмыс істейтіні туралы әңгімелеседі; әрбір артист маман қандай құралдарды пайдаланатыны, олардың	**Сюжетті-рөлдік ойын. "Туған күн".** Мақсат-міндеттер. Балалардан "туған күн" ұғымын қалайша түсінетіндерін рөлдік арқылы анықтау; отбасыда туған күнді атау дәстүрі жайындағы білімдерін кеңейту; жақынына деген сүйіспеншілікке, достыққа тәрбиелеу. Құралдар. Туған күнді атауға қажетті безендіру жабдықтары, торт және басқа тәттілердің жасанды үлгілері, журналдан қиылған суреттер; әдемі қапталған сыйлықтар; ойыншық музыкалық аспаптар, микрофондар; сайқымазақ немесе басқа кейіпкерлердің костюмдері. Шарты. Педагог балалармен бірлесіп әрбір отбасында туған күннің қалай өтетіні жайында әңгімелеп, қолданатын түрлі қызықты жабдықтардың, қандай тәттілерді әзірлейтінін анықтайды; туған күнін атау дәстүрі қайдан келгенін талқылайды. Балалар туған күнін өткізу үшін, педагогпен бірге қандай әрекеттер тізбегін жасау керектігін

	қарастырады, әлемдегі қорғауға алынған жануарлар жөнінде бейнебаянды көрсетеді. Балалар ветеринар дәрігері, орнитолог (құс маманы), зоолог (жануарлар маманы), герпетолог (қосмекенділер маманы), күтуші сияқты мамандардың қызметінің мәні неде, олардың қандай құралдарды қолданатынын туралы талқылап алу керек. Балалар зообақта жұмыс істейтін мамандарды өздері таңдайды немесе санамақты қолданады. Кейіпкерлер өздеріне қажет киім үлгілерін мен құралдарды алып, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына аңдар мен құстардың ойыншықтарын алып белгілі орындарға қондырып, қимылдатады, қозғалысқа келтіреді. Мамандар құстар мен аңдардың орындарын аралап, көмектерін көрсетеді. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: адам жабайы табиғаттағы тіршіліктің заңдылықтарын бұзбай, жоғалып бара жатқан аңдар үшін жауапкершілікті сезіну керектігі, оларға қамқорлық танытып, тіршілік етулеріне қолайлы жағдайлар туғызу қажеттілігі туралы айту.			еңбегінің қаншалықты қиын екенін түсіндіреді. Балалар циркте қызмет ететін өнерпаздар: сайқымазақ, гимнаст, сиқыршы, жонглер, жануарларларды жаттықтырушы болып бөлініп, топтасып, белгілі жаттығулар жасайды. Педагог цирк қойылымы жайында жариялап, қалған балаларды орындықтарға шақырады. Әрбір өнерпаздың шығуын аса құрметпен жариялап, оған көрермендер тарапынан қолдау және қошемет көрсетуді сұрайды. Балаларға қойылым соңында өнерпаздар көрермендерге иіліп құрмет көрсететіні, ал көрермендер оларды мақтап, қошемет білдіретінін айту керек. Педагог ойын барысын өзі реттеп жатады, балалардың әрекеттерін белсенді ету үшін, қосымша сұрақтар қояды. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: цирк қойылымының әдемі және қызықты болуы, өнерпаздардың шеберлігі мен тынымсыз еңбегінің арқасында болады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**	жоспарлайды. Содан соң қалаған балалар өздерінің сол жоспар бойынша қандай міндеттерді атқаратыны жайында айтады, қажетті құралдары алып, туған күніне дайындай бастайды. Туған күн иесін балалар санамақ арқылы тағайындауы мүмкін. Оқу жылының аяғына дейін әрбір бала туған күн иесі болып үлгеру тиіс. Алғашында педагог ойын барысын сөзбен сүйемелдеп отырады, ойыншыларға қосымша әрекеттерін анықтайтын сұрақтар қойып жүреді, өзі қатысады, ойын желісінің одан ары жалғасуына үлес қосады. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: туған күннің әдемі өтуіне бірнеше себеп болады: қонақтардың адал ниетті дос болуы, тағамдардың дәмді болуы, ойын-сауық шараларының қызықты дайындалғаны. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)**

	(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)				
Балалармен жеке жұмыс	**"Қағаздан бүктеу" жұмысы.** Тақырыбы: "Кеме". Мақсат-міндеттер. Қағаздан әртүрлі көліктерді бүктеп жасауды үйрету. **(жапсыру) Әмірхан, Нурислам, Нұрали, Мейыржан**	**Бала тілін дамыту.** **"Жазда" (Рамазан Тышқанбаев)** Шулы өзенге барайық, Орын таңдап алайық. Ақ сазанға ау құрып, Болат қармақ салайық. Жүр, балалар, тұрмалық, Гүл терелік, қыр барып. Өкінбейік, даланың Қызығынан құр қалып. **(қарым-қатынас іс-әрекеті) Әмірхан, Нурислам, Нұрали, Мейыржан**		**Бала тілін дамыту.** **"Жаз" (Ілияс Жансүгіров)** Жерің анау, Жасыл жолақ кілемдей. Желің мынау, Жігіт айтқан өлеңдей. Көлің анау, Той ғып жатқан ауылдай. Күнің мынау, Елжіреген енеңдей. **(қарым-қатынас іс-әрекеті) Әмірхан, Нурислам, Нұрали, Мейыржан**	"Жаз" мезгілі бейнеленген сюжетті суреттерді қарастыру. Сұрақтар қою және оларға толық жауап беру дағдысын бекіту. **(қарым-қатынас іс-әрекеті) Әмірхан, Нурислам, Нұрали, Мейыржан**
Серуенге дайындық	**Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) тақырыбына жеке әңгімелер өткізу.**				
Серуен	Күннің екінші жартысындағы ауа-райы құбылыстары мен табиғат обьектілерін бақылау (қоршаған ортамен таныстыру, бақылау) **Ұлттық ойын: «Тенге алу»** патриотизмге тәрбиелеу Балалардың қалауы бойынша жеке жұмыстар, еркін ойындар	Күннің екінші жартысындағы ауа-райы құбылыстары мен табиғат обьектілерін бақылау (қоршаған ортамен таныстыру, бақылау) **Қимылды ойын: «Тасбақа»**жылдамдыққа, нысанаға дәлдеп тигізе білуге үйрету. Балалардың қалауы бойынша жеке жұмыстар, еркін ойындар		Күннің екінші жартысындағы ауа-райы құбылыстары мен табиғат обьектілерін бақылау (қоршаған ортамен таныстыру, бақылау) . **Қимылды ойын: «Торғайлар»**Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту,Балалардың қалауы бойынша жеке жұмыстар, еркін ойындар	Күннің екінші жартысындағы ауа-райы құбылыстары мен табиғат обьектілерін бақылау (қоршаған ортамен таныстыру, бақылау) **Ұлттық ойын: «Айгөлек»**
Серуеннен оралу	**Балалардың киімін ретімен шешу, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, дербес және ойын әрекеті**				
Ата-аналарға кеңес,	Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу. Баланың тәрбиесі туралы әңгімелесу Ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру.				

балалардың үйіне қайтуы	Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы. Сәтті демалыс күндерін тілеп,балаларды шығарып салу.				
	Ата-аналармен әңгіме: «Үйде балалардың тақпақтарын жаттауға тапсыру»	**Ата-аналармен кеңес: «Алдағы келе жатқан мерекелер туралы хабарлар ету»**		**Ата- аналармен психолог кеңесі мен бөлісу: «Баланың суреттеріне қарап бағалауды үйреніңіз»**	Ата аналарға демалыс күндері балалармен бірге серуендеуге ұсыныс жасау. Демалыс күндеріне сәттілік тілеу

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
2023-2024 оқу жылы

Білім беру ұйымы: ЖШС «Нұрлан - К.А.» «Күншуақ» балабақшасы
Топ: "Айналайын» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі: 29.04-03.05.2024жыл

Күн тәртібінің	Дүйсенбі 29.04.2024.	Сейсенбі 30.04.2024.	Сәрсенбі 01.05.2024.	Бейсенбі 02.05.2024.	Жұма 03.05.2024
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу (сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекет).				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі және көшедегі күн тәртібі туралы әңгімелесу, баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша кеңес бер				
	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз..	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру		**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	**Ата –аналармен әңгіме**: «Дұрыс тамақтануға баулу»
